

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың сұйықтықтарды сүзуге немесе тазартуға арналған мембраналық ролл үлгісіндегі элементтерге қатысты бірыңғай кедендік тарифіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 9 сәуірдегі № 37 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 19-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 84 тобына Еуразиялық экономикалық одақтың қосымша ескертпелері мынадай мазмұндағы 6 ескертпемен толықтырылсын:

"6. 8421 99 000 5 кіші субпозициясындағы "сұйықтықтарды сүзуге немесе тазартуға арналған орам тәрізді мембраналық элементтер" термині мыналардан тұратын цилиндрлік құрылғыларды білдіреді:

– мембраналық қаптар спиральды түрде оралған ішкі пластикалық перфорацияланған түтік;

– мембраналық пакеттер арасында орналасқан және оларға үш жағынан желімделген дренаждық материал.

Мембраналық пакет ішінде экструдталған торы бар екі есе бүктелген мембраналық жолақтан тұрады.

Мембраналық орам түріндегі элементтің ұштарында бекіту дискілері мен тығыздағыш манжеттер орнатылуы мүмкін;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасынан № 1 қосымшаға сәйкес қосалқы позиция алып тасталсын;

в) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына № 2 қосымшаға сәйкес қосалқы позициялар енгізілсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары № 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 9 сәуірдегі
№ 37 шешіміне № 1
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасынан алынып тасталатын КІШ СУБПОЗИЦИЯ

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша. бірлік. өлшемі
8421 99 000 7	— — — басқалар	—

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 9 сәуірдегі
№ 37 шешіміне № 2
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін КІШ СУБПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша бірлік. өлшемі
	— — — басқалар:	
8421 99 000 5	— — — — Еуразиялық экономикалық одақтың осы топқа 6-қосымша ескертпесінде көрсетілген сұйықтықтарды сүзуге немесе тазартуға арналған орам түріндегі мембраналық элементтер	—
8421 99 000 6	— — — — басқалар	—

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 9 сәуірдегі
№ 37 шешіміне №3
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі (кедендік құнның пайызымен не еуроға, не АҚШ долларында)
8421 99 000 5	— — — — Еуразиялық экономикалық одақтың осы топқа 6-қосымша ескертпесінде көрсетілген сұйықтықтарды сүзуге немесе тазартуға арналған орам түріндегі мембраналық элементтер	0
8421 99 000 6	— — — — басқалар	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК